

Бекітемін

ЖШС «Лилия» бөбекжай

балабақшасының меңгерушісі

Л.И.Яворская



2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ӨТКІЗІЛГЕН ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСТЕР

ШЫМКЕНТ 2024-2025

Күн тәртібінде:

1. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасымен таныстыру
2. 2024-2025 оқу жылындағы әдістемелік кабинеттің жұмысын талдау.
3. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен таныстыру, талқылау.
3. Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізуді ұйымдастыру.
4. Педагогтердің өзіндік білім көтеру тақырыптары мен мақсат-міндеттерін айқындау.
5. Жас мамандарға көрсетілетін кеңестің жоспарымен таныстыру
6. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе «Біртұтас тәрбие» бағдарламасымен таныстыру бойынша сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды.

-Саламатсыздар ма, құрметті әріптестер. Әдістемелік кеңес отырысымызға қош келдіңіздер. Күн тәртібіндегі бірінші мәселеге тоқталайық. «Біртұтас тәрбие» жайында айтар болсам, бағдарламаның мақсаты: қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарлама мазмұны: Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;

Қаңтар – заң және тәртіп айы;

Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы болып бөлінеді де, барлық қазақи құндылықтарды, салт-дәстүрлерді жоспарға қосу арқылы қазақи тәрбиеге, құндылықтарға тәрбиелеу.

Сонымен қатар, балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас

жасау дағдыларын қалыптастыру мақсатында «Өнегелі 15 минут» әңгімелесу процесін бақылау және апталық циклограммаға міндетті түрде қосу керек. Ал, таң азанда - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционалды қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, шығармашылық дағдыларды қалыптастыру қабылдау барысында және үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын артыру мақсатында «Күй күмбірі», күй музыкаларын қосу міндеттелген,- деп толық айтып өтті.

2) Екінші мәселе «2024-2025 оқу жылындағы әдістемелік кабинеттің жұмысын талдау» бойынша сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды.

- Биылғы 2023-2024 оқу жылындағы әдістемелік кабинеттің жоспарына келіп тоқталсам, жылына үш рет әдістемелік отырыс жоспарлануда. Сонымен қатар, әдістемелік көмек көрсету мақсатында мынадай тақырыптар қарастырылады. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы, Педагогтың мәдениеті, Педагогикалық әдеп, ««Тәрбиешілерге жас ерекшелік психологиясы туралы түсінік беру». Яғни, тәрбиеші бойындағы эстетикалық талғамды, адамгершілік пен сезімталдылықты, шыдамдылық пен бауырмалдылықты, дамыту жайында, Педагогикалық әдеп туралы түсінік беру отырып, әртүрлі педагогикалық ситуациялардан шығу жолын табу жайында сөз қозғаймыз. Әдістемелік кабинетте жас мамандарға әдістемелік кеңестер беріледі және жылда үш рет жүргізілетін мониторинг жайында, Республикалық немесе облыстық басылымдарға мақала жариялау мақсатында әдістемелік көмек көрсетіледі, т.б.,- деп толық тоқталып өтті.

3) Үшінші мәселе «Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізуді ұйымдастыру» тақырыбы бойынша сөз кезегін У.О. Ахметова алды.

- Биылғы оқу жылының қыркүйек айында жүргізілетін мониторинг былтырғы жылдың мониторингінен айырмашылық мүлдем жоқ. Білім басқармасынан келген хатына сәйкес мониторинг уақытылы өткізіліп, қорытындысы жіберілуі қажат. Сіздерге қысқаша мониторингті өткізудің мақсаты жайында айтып өтейін.

Мектепке дейінгі білім беруде сапалы қызметтің қамтамасыз етуде мектепке дейінгі жастағы балалардың біліктері мен дағдыларын дамытудың маңызы зор. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес 2017 жылдың қыркүйек айынан бастап, республиканың мектепке дейінгі ұйымындағы балалардың даму деңгейлеріне мониторинг жүргізудің бірінғай жүйесі енгізілді. Күтілетін нәтижелер баланың әр жас топтарына сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған. Баланың күтілетін нәтижелерге жетуі педагогтың баланың дамуын үнемі бақылауы яғни диагностика арқылы іске асырылады. Мониторинг баланың біліктері мен дағдыларының даму динамикасын оның түзетуді қажет ететін ерекшеліктерін ашуға, өзара әрекет ету тәсілдерін

өзгертуге, педагог тарапынан қамқорлық пен көңіл бөлуді ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған, жүйелі бақылау ретінде қарастырылады. Мониторинг баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасын анықтауға, педагогтың алдағы іс-әрекетін жоспарлауға, мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік береді, -деп толық тоқталып өтті.

4) Кеңестің төртінші мәселесі «Педагогтердің өзіндік білім көтеру тақырыптары мен мақсат-міндеттерін айқындау» бойынша айтар болсам, барлық тәрбиешілер өзіндік білімін көтеру мақсатында жыл бойында жұмыс жасайтын тақырыптарын ұсынды. Ондағы мақсаты, міндеттері мен атқарылатын жұмыстары толығымен жазылды.

Балалар – біздің болашағымыз, егемен еліміздің ертеңі. Осы келешек ұрпақтың ойы озық, білімі терең, тәлім-тәрбиесі жоғары болуы үшін мемлекетіміз ерекше көңіл бөлуде. Балабақшадағы тәрбие – барлық тәрбиенің бастамасы. Тәрбиеші балаларды адам мәдениетінің әлеміне, күрделі және алуан түрлі қарым-қатынастардың әлеміне ертетін үлкендердің бірі. Қазақстан Республикасы «Білім» туралы Заңының 51 бабының 5- тармағында «Мұғалім өзінің педагогикалық шеберлігі, парасаттылығын, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін үнемі жетілдіріп отыруға міндетті,»-делінген.

ПЕДАГОГТЕРДІҢ ӨЗ БІЛІМІН ЖЕТІЛДІРУІ

№	Педагогтің аты-жөні	Тақырыбы
1	Лигус О.А.	Формирование элементарных математических представлений у детей старшего дошкольного возраста через STEAM-технологий
2	Костеневич Я.В.	Нетрадиционные техники рисования
3	Сыздыкова А.А.	Развитие мелкой моторики у детей раннего возраста через различные виды деятельности
4	Криваносова Е.Ю.	STEAM- технология-инструмент интеллектуального развития дошкольников: образовательный модуль-экспериментирование с живой и неживой природой
5	Рыбникова О.В.	Комплексный подход в обучении и развитии детей дошкольного возраста через приемы нейропедагогики
6	Иванятова М.А.	Основы безопасности жизнедеятельности

7	Крайниченко Н.Н.	Роль сказки в нравственно-духовном воспитании дошкольников
8	Хоменко Л.Л.	Кинезиологические упражнения как вид здоровьесберегающих технологий
9	Шишкина Л.В.	Нетрадиционные техники рисования
10	Маманова С.С.	Подготовка к обучению грамоте детей предшкольной группы

5. Бесінші мәселе «Жас мамандарға көрсетілетін кеңестің жоспарымен таныстыру» бойынша сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды.

- 2024-2025 оқу жылына арнап жазған жылдық жоспарда жас мамандарға мынадай тақырыпта кеңестер дайындалында.

1. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасымен тәрбиешілер мен педагогтарды таныстыру

2. Салт-дәстүрдің бала тәрбиесіндегі рөлі» пікір-талас

3. ХХІ ғасыр педагогына қойылатын талаптар. Педагог стандарты

Бұл үш тақырыпта жүргізілетін жұмыстар кеңес түрінде, пікір-талас және сұрақ-жауап түрінде өткізіледі. Сонымен қатар жас мамандарды жыл бойына өтетін тәжірибе алмасу сабақтарына қатыстырып, әртүрлі тақырыптарда кеңестер беріледі.

6) Әртүрлі мәселелер бойынша әдіскерге сұрақтар қойылды.

- Биылғы оқу жылында Өрлеу БАҰО курстар болады ма? Және олардың төлем ақылары қанша,- деп Сыздыкова А.А. сұрақ қойды.

- Әрине, Өрлеудің курстар болып жатыр. Биылғы оқу жылында оқуы керек тәрбиешілерді тізімге қосып, Өрлеу БАҰО бастығы Л.Искакованың атынан сұраныс жібереміз. Төлем ақысы және болатын күнін анықтап, хабарын беремін,- деп әдіскер У.О.Ахметова жауап берді.

- Басқа сұрақтарын болмаса осымен әдістемелік кеңесімізді аяқтап, шешім шығарайық.

Шешім:

1. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасымен таныстырылып, жұмыстар жасалсын;
2. 2024-2025 оқу жылындағы әдістемелік кабинеттің жұмысын талданып, жұмыстар жасалсын;
3. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен таныстыру, талқыланып, негізге ала отырып, жұмыстар жасалынсын;
3. Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізілсін;

4. Педагогтердің өзіндік білім көтеру тақырыптары мен мақсат-міндеттерін айқындап, жұмыстар жалғастырылсын;
5. Жас мамандарға көрсетілетін кеңестің жоспарымен таныстырып, жұмыстар жүргізілсін;
6. Әртүрлі мәселелер бойынша жұмыстар жасалсын.

Әдіскер:



У.О.Ахметова

№2 Әдістемелік кеңес хаттамасы

25.02.2025ж.

Қатысқандар: 13

Күн тәртібінде:

1. Кезеңдік басылымдарға жазылуды рәсімдеу
2. Педагог қызметкерлердің қатысқан семинар, байқауларын талқылау
3. Тәжірибе алмасу жұмыстарының есебі
4. «Аналар мектебі» дөңгелек үстелдің қорытындысы бойынша
5. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз кезегін әдіскер

У.О.Ахметова алды.

-Саламатсыздар ма, құрметті әріптестер. Әдістемелік кеңеске қош келдіңіздер. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе «Кезеңдік басылымдарға жазылуды рәсімдеу» тақырыбы бойынша сөз бастайын. Биылғы оқу жылында «Педагогикалық шеберлік» педагогикалық әдістемелік журналында менің «Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың шығармашылық қабілетін дамыту» тақырыбында мақалам жарық көрді. «Ұлт ұстазы» Республикалық педагогикалық әдістемелік журналының №7 басылымында Кривоносова Екатерина Юрьевнаның «Задание от знайки», Иванятова Маргарита Анатольевнаның дәл осы журналдың осы басылымында «Чтобы не было пожара», Рыбникова Оксана Витальевнаның «Вместе весело играть» атты мақалалары жарық көрді. Бұл мақалаларды Ұстаз платформасына енгіздік. Алдағы уақытта педагогтар аттестациядан өтетін болса, осы мақалалар балл жинауда үлкен рөл атқарады.

Ал енді мақала жазып көрмеген педагог үшін қысқаша жазу үлгісі туралы анықтама беріп өтейін.

1. Мақаланың не туралы жазылатынын, не мақсатта жазылатынын анықтап алыңыз.

2. Аудиторияны анықтап алу керек. Жазудан бұрын кім үшін, қанша жастағы оқырман үшін жазатыныңызды анықтап алыңыз. Мәселен, ғылыми мақала мен балаларға арналған мақаланы шатастырмау керек. Аудиторияға сәйкес, дайындығыңыз да өзгеріп отыруы керек.

3. Оқырманға не керектігін іздеңіз. Оқырмандар не туралы білгісі келеді? Олар іздеген мәліметті беруге сіздің білім қорыңыз жеткілікті ме? Бұл арқылы мақала жазуға сюжет табу оңай болады. Бірақ өз білім қорыңызбен ғана шектелмей, жаңа деректер іздеп, оларды меңгеру арқылы пайдалы мақала жаза аласыз.

4. Жазатын мақалаңыз еш жерде талқыланбаған, жаңа, өзекті болсын. Ал егер сіз жазғыңыз келген тақырып жауыр болса, оның берілу форматын өзгертіңіз, яғни өзге бір қырынан беруге тырысыңыз. Бар дүниені қайталап жазып шығу емес, ең болмағанда сол ақпаратты толықтыру сіздің мақалаңыздың өзектілігін

арттырады. Бұл арқылы оқырманның назарын аударасыз әрі олар әр жазған мақалаңызға қайта оралып оқитындай болады.

5. Жазатын тақырыбыңызды өзге ешкім, ешқашан жазбаған болсын. Мақалаға өзгеше реңк, жаңа тұрпат беріңіз.

6. Тақырыпқа жаңа ойлар қосыңыз. Өз ұсыныстарыңызды немесе өзге авторлардың мақаласында жоқ деректерді қосыңыз. Бұл – оқырманның бүгінгі ақпарат тасқынында дәл сіздің мақалаңызды тандап оқуға себеп болады.

7. Қызықтыра жазыңыз. Оқырман ғана емес, жазып жатқан тақырыпқа өзіңіз де аса үлкен мән беретініңізді көрсетіңіз. Сіздің қызығушылығыңызды көрген оқырман да мән бере бастайды. Тіпті оқырманның ой қорытуына, сараптауына мүмкіндік беретіндей етіп жазыңыз,- деп сөзін аяқтады.

2. Екінші мәселе «Педагог қызметкерлердің қатысқан семинар, байқауларын талқылау» бойынша сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды.

- 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспарына сай ересек топтарында «Аналар мектебі» - дөңгелек үстел ұйымдастырылып өткізілді. Дөңгелек үстелдің мақсаты: ата-аналармен балалардың қарым-қатынасы, бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі және қоғамдық ортаның бала тәрбиесіндегі рөлі жайында. Дөңгелек үстел ересек Лучик және Динозаврики тобында өткізілді. Сонымен қатар, «Bilinger.kz» Республикалық білім парталында балалар арасында «Абай оқулары» атта мәнерлеп оқу байқауы өткізілген. Біздің мектепалды даярлық Мамонтенок тобының балалары катысып, жүлделі орындар алды және тәрбиешісі Сыздыкова Ақнұр Амангелдыевна алғыс хатпен марапатталды. Китенок тобының тәрбиешісі Рыбникова Оксана Витальевна «Білім айнасы» республикалық ғылыми-танымдық басылымының редакциясы ұйымдастырған жас суретшілерге арналған «Бояулар құпиясы: қыс» тақырыбында өткен конкурсында шәкірттерін қатыстырып, байланыс орнатқан үшін алғыс хатпен марапатталды.

3. Күн тәртібінде үшінші мәселе «Ойын әдістері арқылы тәжірибе алмасу жұмыстарының есебі» бойынша сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды.

- 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспарына сәйкес Ромашка ортаңғы тобында «Занятие по физкультуре «Путешествие в лес» тақырыбында ашық сабақ желтоқсан айында өткізілді. Ал, динозаврики ересек тобында «Путешествие в страну грамотной речи» тақырыбындағы ашық сабақ қантар айында өткізілді. Лучик ересек тобында «Путешествие в страну Красивой речи» тақырыбындағы ашық сабақ ақпан айында өткізілді. Бұл ашық сабақтарға талдау парақтары толтырылып, әріптестермен талдау жасалынып, суреттері талдау парағының артына ілінді.

4. «Аналар мектебі» дөңгелек үстелдің қорытындысы бойынша сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды.

- Алдыңғы айларда біздің бақшамызда «Аналар мектебінде дөңгелек үстел өткізілді. Лучик тобында өткізілген дөңгелек үстел тақырыбы «Знаете ли вы своего ребенка» деп аталды. Бұл дөңгелек үстелдің мақсаты: балалар мен ата-аналардың арасында, ата-аналар мен тәрбиешілер арасында сыйластық, сенім және жақсы қарым-қатынасты орнату. Әр түрлі сұрақтар қоя отырып, пікір талас жүргізді және ата-аналардан тест алынды. Тест нәтижелері сол кезде айтылып, әр ата-ана өз ойларын еркін айта отырып, соңында қорытынды жасадық.

Ал, Динозаврики тобында «Успешный ребенок - тактика родительской поддержки» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Мақсаты: повышение родительской компетентности в вопросах организации совместной работы детского сада, семьи по осознанию родителями значимости своей педагогической деятельности, актуализации позиции родителей, которая способна оказать влияние на формирование личности ребенка. Ең алдымен тәрбиеші өзінің кішігірім баяндамасын оқып шығып, аналарға осы тақырып бойынша сұрақты ортаға тастап, барлық ата-ана өз ойларын айтып, пікір - талас жасады. Соңында аналардан анкета алынып, рефлексия жүргізіп, қорытындыланды.

5. Әртүрлі мәселелер бойынша сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды.

- Биыл аттестациядан өтетін қызметкерлер өз портфолияларын Ұстаз платформасына енгізіп, 72 бұйрық негізінде аттестация комиссиялары бекіту керектігі хабардар етілді. Сонымен біздің балабақша 7 комиссия мүшелері мен бір хатшыны аттестация комиссиясына тағайымдап, бұйрық шығарды. Комиссия мүшелерінің көбісі жоғары біліктілік санаты бар, тәжірибелері мол кісілер. Кәзіргі таңда ұстаз платформасына барлық педагогтар тіркеліп, олардың диплом, переквалификация құжаттары, еңбек кітапшалары мен еңбек өтілдері толтырылды. Кейіннен барлық қызметкерлерге ашық сабақтың талдау парақтары қалай толтырылатынын және қай бөлімге тіркеу керектігін түсіндіріп өттім. Ендігі жылы аттестациядан өтетін қызметкерлер кәзірден бастап өрлеу курстарынан өтіп, мақалалар жазып, іс-шараларға қатысып, құжаттарынды ұстаз платформаға енгізе беріңіздер,- деп сөзін аяқтады.

- Менің сұрағым бар еді,- деп сөз кезегін Е.Ю.Кривоносова алды. Менің педагог-модератор біліктілігім бар. Оны мен 2022 жылы алдым. Бұл біліктілікпен мен қанша уақыт жүре аламын және қанша жылдан кейін педагог-сарапшыға тапсыра аламын?

- Сіз педагог-модератор біліктілігімен 5 жыл жүре аласыз. Бес жылдан соң қайта бекітуіңіз керек немесе келесі этапқа көтеріліп, біліктілікті жоғарылатуыңызға болады. басқа сұрақтарыңыз болмаса кеңесімізді аяқтап, шешім шығарайық, - деп сөзін аяқтады.

Шешім:

1. Кезеңдік басылымдарға жазылуды рәсімдеу жалғасын тапсын;
2. Педагог қызметкерлердің семинар, байқауларға қатысуы жалғастырылсын;
3. Ойын әдістері арқылы тәжірибе алмасу жұмыстары жалғасын тапсын;
4. «Аналар мектебі» дөңгелек үстелдің қорытындысы бойынша жұмыстар жасалынсын;
5. Әртүрлі мәселелер бойынша жұмыстар жасалынсын.

Әдіскер:



У.О.Ахметова